




«Астана медицина университеті» КеАҚ

ББ-АстМУ-25
10 беттің 1 беті

Білім беру бағдарламасы
«7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»



БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
«7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 10 беттің 2 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»	

1. Білім беру бағдарламасының паспорты

Білім саласы	7R01 Денсаулық сақтау (медицина)
Дайындық бағыты	7R011 Денсаулық сақтау
Білім беру бағдарламаларының тобы	R037 – Неврология (ересектер, балалар)
Білім беру бағдарламасы	7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)
Білім беру бағдарламасының мақсаты	Ересектер мен балалар неврологиясы саласындағы дербес кәсіби қызметке құзыреттілік жүйесі бар білікті невролог дәрігерін даярлау.
Білім беру бағдарламасының түрі	Қолданыстағы білім беру бағдарламасы
Ұлттық біліктілік шеңбері бойынша деңгей	7
Салалық біліктілік шеңбері бойынша біліктілік деңгейі	7
Білім беру бағдарламасының айрықша ерекшеліктері	Жоқ
Берілетін дәреже	Резидент
Оқыту мерзімі	2 жыл
Жоғары білім бейіні	Жоғары медициналық білім
Білім беру бағдарламасының миссиясы	Неврология бойынша бәсекеге қабілетті мамандарды даярлау – ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларына жоғары білікті медициналық көмек көрсетуді, ерте диагностиканы, тиімді емдеуді, профилактиканы және нейрореабилитацияны қамтамасыз ете алатын, қазіргі клиникалық технологиялар мен неврологиялық бұзылыстарды түзету әдістерін меңгерген, динамикалық түрде жаңарып отыратын медициналық ғылым мен практиканың жағдайында үздіксіз кәсіби дамуға дайын, сондай-ақ пациенттердің өмір сүру сапасын сақтау, қалпына келтіру және жақсарту мақсатында денсаулық сақтау саласындағы әлеуметтік маңызды міндеттерді орындай алатын мамандарды даярлау.
Білім беру бағдарламасының аккредиттеуі және сертификациясы	IAAR, AB 3481/1 27.05.2021–26.05.2026
Білім беру бағдарламасын меңгергісі келетін адамдардың алдыңғы білім деңгейіне қойылатын талаптар	Жоғары медициналық білім, интернатура.
Түлектің біліктілік сипаттамасы	
Маман лауазымдарының тізбесі	Ересектер неврологы, балалар неврологы, эпилептолог клиникалық нейрофизиолог
Кәсіби қызмет саласы	Ересектер және балалар неврологиясы
Кәсіби қызмет функциясы	1. <u>Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын диагностикалау.</u> 2. <u>Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын емдеу, барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтау.</u> 3. <u>Жүйке жүйесі аурулары бар пациенттерге медициналық сараптамалар жүргізу.</u> 4. <u>Халық арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және олардың тиімділігін бақылау.</u>



	5. <u>Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі аурулары кезінде қалпына келтіру емі мен медициналық реабилитация.</u> 6. <u>Медициналық құжаттаманы, медикостатистикалық ақпаратты басқаруға қатысу.</u> 7. <u>Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларында қолданылатын аспаптық диагностика әдістері.</u> 8. <u>Үздіксіз кәсіби даму.</u>
Кәсіби қызмет түрлері	Клиникалық қызмет • Неврологиялық патологиясы бар пациенттерді диагностикалау, емдеу және бақылау. • Жедел және созылмалы неврологиялық жағдайларды жүргізу. • Мамандырылған процедураларды орындау және нәтижелерін интерпретациялау: ЭЭГ, ЭНМГ, люмбальды пункция, тамырлық зерттеулер және т.б. • Басқа мамандық дәрігерлеріне неврологиялық мәселелер бойынша консультация беру. Ұйымдастырушылық-үйлестіру қызметі • Пациенттерді стационарда және амбулаторияда бақылауды жоспарлау және ұйымдастыру. • Медициналық команданың жұмысын үйлестіру: интерндер, кіші медперсонал, аралас мамандар. • Диагностика және емдеу протоколдарын әзірлеуге қатысу. • Неврология саласында клиникалық және эпидемиологиялық зерттеулер жүргізу. • Диагностика мен терапияның инновациялық әдістерін енгізу. • Ғылыми мақалалар жариялау, конференцияларға, семинарларға, гранттық жобаларға қатысу. Білім беру қызметі • Интерндерді, резиденттерді және медициналық университет студенттерін оқыту. • Семинарлар, мастер-класстар, клиникалық талдаулар өткізу. • Пациенттер мен олардың отбасыларын ауру, оның алдын алу және реабилитация әдістері туралы ақпараттандыру, пациенттік мектептерді ұйымдастыру және өткізу. Профилактикалық және кеңес беру қызметі • Неврологиялық ауруларды ерте анықтау үшін профилактикалық тексерулер мен іс-шаралар өткізу. • Пациенттерге және дәрігерлерге профилактика, реабилитация және қолдаушы терапия мәселелері бойынша консультация беру. • Неврологиялық компоненті бар халық денсаулығын сақтау бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

	«Астана медицина университеті» КеАҚ	ББ-АстМУ-25 10 беттің 4 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»	

2. Бітірушінің құзыреті және оқытудың нәтижесі

2.1 Білім беру бағдарламасының құзыреті және оқыту нәтижелері

№	Құзыреті	Оқыту нәтижелері
	Жалпы құзыреті	№ ЖҚ
1	Пациентті қадағалау Дәлелді медициналық тәжірибе негізінде клиникалық диагноз қоюға, емдеу жоспарын тағайындауға және оны медициналық көмектің барлық деңгейінде тиімділігін бағалауға қабілетті.	ОН1
2	Коммуникация және коллаборация • Әріптестерге, пациенттерге және олардың жақындарына құрмет көрсетіп, тиімді кәсіби, жеке және корпоративтік коммуникация жүргізу; • тік және көлденең деңгейде пәнаралық және кәсіпаралық коммуникацияны дамыту; • тиімді коммуникацияға қауіп төндіретін факторларды анықтау және оларды еңсеру бойынша шешімдер әзірлеу, қақтығыстарды басқарудың қағидалары мен әдістерін меңгеру; • өз ойларын дұрыс, логикалық байланысқан ауызша және жазбаша формада жеткізу; • іскерлік хат алмасу жүргізу, презентациялар жасау және келіссөздер жүргізу, іскерлік этикет ережелерін қолдану; • кемінде бір шет тілін, оның ішінде медициналық және іскерлік ақпаратты еркін меңгеру; • пациенттермен және олардың туыстарымен сөйлескен кезде ұқыпты, құрметті мінез-құлық таныту, деонтологиялық нормалар мен қағидаларды сақтау, пациенттердің сұрақтарына корректті жауап беру, тағайындалған емнің негіздемесін және диагностикалық немесе терапевтикалық процедуралардың нәтижелерін қолжетімді түрде түсіндіру; • жұмыста жақсы әдеттерді, соның ішінде пунктуалдылықты және кәсіби сыртқы келбетті демонстрациялау.	ОН 2
3	Қауіпсіздік және сапа Медициналық көмектің жоғары деңгейдегі қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді бағалап, ең тиімді әдістерді қолдануға қабілетті.	ОН 3
4	Қоғамдық денсаулық сақтау Зерттеуге арналған дұрыс сұрақтарды тұжырымдауға, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалауға, халықаралық дерекқорларды күнделікті тәжірибеде тиімді пайдалануға, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті.	ОН 4
5	Зерттеулер Зерттеуге арналған дұрыс сұрақтарды тұжырымдауға, кәсіби әдебиеттерді сыни бағалауға, халықаралық дерекқорларды күнделікті тәжірибеде тиімді пайдалануға, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті.	ОН 5



6	Оқыту және даму • Оқытылатын материалдар мен дағдыларға жоғары концентрация мен назар аудару; • оқуға және практикалық сабақтарға жауапкершілікпен қарау, алынған білімді жұмыста дұрыс қолдану; • ойды жақсы және анық жеткізу; • баспа және электрондық ақпарат көздерін пайдалану арқылы өз білімін өздігінен толықтыру; • қателермен жұмыс жүргізу, кәсіби дағдылары мен біліктілігін үздіксіз жетілдіру.	ОН 6
	Кәсіби құзыреттер	№ КҚ
7	Білім және түсінік • Ересек және балалар халқына неврологиялық көмек көрсетуді ұйымдастырудың жалпы мәселелері, науқастарды диспансерлеуді ұйымдастыру және жүргізу; • орталық, перифериялық және вегетативтік жүйке жүйесінің қалыпты және патологиялық анатомиясы, топографиялық анатомиясы, қалыпты және патологиялық физиологиясы; • әртүрлі жас кезеңдеріндегі балалардың жүйке жүйесінің анатомиялық және физиологиялық ерекшеліктері; • жүйке жүйесі ауруларының синдромологиясы және топикалық пропедевтикасы; • жүйке жүйесі ауруларын қосымша диагностикалау әдістері, жүйке аурулары клиникасында қолданылатын қосымша аспаптық және зертханалық диагностикалық әдістерге көрсетілімдер; • заманауи диагностикалық шкалаларды қолдана отырып, неврологиялық статус бұзылыстарын объективті бағалау әдістері; • етіология және қауіп факторлары, патологиялық физиология, патологиялық морфология және иммунопатология, клиникасы, ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын диагностикалау әдістері; • жүйке аурулары клиникасында қолданылатын терапияның принциптері мен әдістері; • жүйке жүйесінің тұқым қуалайтын ауруларындағы генетика мәселелерінің жалпы негіздері; • ересектер мен балалардағы неврологиялық ауруларды оңалтудың принциптері мен әдістері; • ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын хирургиялық емдеуге көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдер; • әртүрлі пациент топтарындағы (балалар, ересектер, қарттар және жүкті әйелдер) жүйке жүйесі ауруларының ерекшеліктері; • ересек және балалар халқындағы жүйке жүйесі ауруларының алғашқы және екіншілік профилактикасының принциптері мен әдістері; • скринингті ұйымдастыру қағидалары; • денсаулық мектебінің оқыту бағдарламаларын әзірлеу және жүргізу әдістемелері;	ОН 1



- пациентпен, оның туыстарымен немесе заңды өкілдерімен коммуникация принциптері, емдеу әдістерін таңдау және медициналық бұйымдар жөнінде ақпараттандыруға байланысты этикалық, мәдени, діни және құқықтық аспектілер;
- заңнама талаптарын сақтай отырып, ақпараттандырылған келісімді рәсімдеу процесі;
- қақтығыстық жағдайларда өзара әрекеттесу принциптері;
- электрондық есепке алу және құжаттау жүйелері;
- ғылыми әдіс пен ғылыми зерттеудің негіздері;
- адамдарға қатысты зерттеулердегі этикалық қағидалар, реттеуші нормалар мен рәсімдер;
- статистикалық әдістер, деректерді өңдеу тәсілдері және нәтижелердің статистикалық маңыздылығын бағалау.

Білім мен түсінікті қолдану

- Ересек және балалар неврологиялық пациенттерінің шағымдарын, сырқат және өмір анамнезін жинау, клиникалық тексеру жүргізу;
- ересек пациенттің неврологиялық статусын бағалау;
- 1 жасқа дейінгі баланың неврологиялық статусын бағалау;
- 1 жастан үлкен баланың неврологиялық статусын бағалау;
- Глазго кома шкаласы бойынша ес деңгейін бағалау;
- NIHSS, Рэнкин, Ривермид, FAS тесті, MMSE, MoCA тесті, сағат салу тесті бойынша неврологиялық дефициттің ауырлығын бағалау;
- Хаммерсмит шкаласы бойынша балалар мен жаңа туғандардың неврологиялық статусын бағалау;
- 6 минуттық жүру тестін, Скотт Вьюнс шкаласын, баспалдақпен көтерілу тестін, Говерс тестін, CHOP-INTEND, HINE, RULM қолдану;
- Халықаралық функциялау классификациясы бойынша бағалау;
- 0–18 жас аралығындағы балалардың когнитивтік функцияларын жасына сәйкес зерттеу;
- жүйке жүйесі аурулары бар пациентті басқа мамандарға жолдауға көрсетілімдерді анықтау;
- зертханалық, аспаптық, визуализациялық зерттеулерге (ЭЭГ, ЭМГ, УДЗ, рентген, КТ, МРТ) көрсетілімдерді анықтау;
- электроэнцефалографияны жүргізу, талдау және интерпретациялау;
- электронейромиографияны жүргізу, талдау және интерпретациялау;
- бас миының, омыртқа мен жұлынның КТ және МРТ нәтижелерін талдау және интерпретациялау;
- церебральды ангиография нәтижелерін талдау және интерпретациялау;
- бас және мойын тамырларының ультрадыбыстық доплерографиясы мен дуплексті сканерлеу нәтижелерін талдау және интерпретациялау;
- нейросонография нәтижелерін талдау және интерпретациялау;
- көздің түбі мен периметрия нәтижелерін талдау және интерпретациялау;

8

ОН 2



- жалпы клиникалық, биохимиялық, иммунологиялық қан талдауларын талдау және интерпретациялау;
- ликвордың жалпы, бактериологиялық және иммунологиялық талдауларын талдау және интерпретациялау;
- ересектер мен балаларға люмбальды пункция жүргізу;
- аутоиммунды ауруларда биологиялық және иммуносупрессивті терапия алдында пациентті тексеру;
- диагностикалық зерттеулердің қауіпсіздігін және мониторингін қамтамасыз ету;
- ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларында дифференциалды диагноз жүргізу;
- заманауи классификациялар мен МКБ негізінде неврологиялық диагнозды негіздеу және тұжырымдау;
- ересектер мен балалардағы неврологиялық ауруларда диагностика, емдеу және оңалтудың алгоритмдерін қолдану;
- төтенше жағдайларда, эпидемияларда және жаппай зақымдану ошақтарында бастапқы және шұғыл медициналық көмек көрсету;
- өмірге қауіпті неврологиялық шұғыл жағдайларды тану және шұғыл көмек көрсету;
- өмірге қауіп төндіретін жағдайларда, соның ішінде клиникалық өлім кезінде, шұғыл медициналық көмек көрсету;
- базалық жүрек-өкпе реанимациясын жүргізу;
- ми ісінуі мен набухания, жедел естен тану және коматозды жағдайларда диагностика және шұғыл көмек;
- жедел ми қанайналым бұзылыстарында диагностика және шұғыл көмек;
- эпилептикалық статуста диагностика және жедел көмек;
- гипертензиялық кризде диагностика және жедел көмек;
- жедел қозғалыссыздық жағдайларында диагностика және жедел көмек;
- ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларының бастапқы профилактикасына бағытталған іс-шараларға қатысу (медициналық тексерулер, скринингтер);
- жүйке жүйесі ауруларының профилактикасы және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша санитарлық-ағарту жұмысын жүргізу;
- медициналық көмекпен байланысты инфекциялардың алдын алуға арналған іс-шараларды ұйымдастыру және өткізуге қатысу;
- жүйке жүйесі аурулары бар пациенттерге арналған «мектептерді» ұйымдастыру дағдыларын меңгеру;
- пациентті немесе оның заңды өкілін аурудың ағымы, емі және болжамы туралы (жағымсыз жаңалықтарды қоса) кеңестендіру;
- ұсынылатын диагноз, емдеу әдісі, ықтимал асқынулар туралы ақпарат беру және ақпараттандырылған келісім алу;
- процедуралар мен технологияларды түсінікті түрде түсіндіру, пациенттің саналы шешім қабылдауын қамтамасыз ету;
- пациентке эмпатия және қолдау көрсету, емнің тиімділігін және дәрігер-пациент ынтымақтастығын күшейту;
- уәкілетті орган бекіткен нысандар, көлем, тәртіп және мерзімдер бойынша медициналық құжаттаманы рәсімдеу;
- медициналық құжаттаманы талаптарға сай ұйымдастыру және сақтау;

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	«Астана медицина университеті» КеАҚ		ББ-АстМУ-25 10 беттің 8 беті
	Білім беру бағдарламасы «7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»		
	• дербес деректерді қорғау және медициналық ақпараттың қауіпсіздігін сақтау нормаларын сақтай отырып, медициналық ақпаратты құпия түрде өңдеу; • кәсіби қызметте денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйелерін қолдану.		
9	Кәсіби шеберлікті дамыту • Клиникалық ойлау қабілетін жетілдіру; • халыққа неврологиялық медициналық көмекті тиімді және білікті түрде көрсету, физикалық, психологиялық, әлеуметтік және мәдени факторларды ескеру; • шешімдерді дәлелді медицинаның принциптері негізінде қабылдау; • альтруизм, жанашырлық, қайырымдылық, жауапкершілік, адалдық және құпиялылық принциптерін сақтау сияқты кәсіби құндылықтарға берік болу; • қазіргі неврологияның ғылыми жетістіктерін қолдану, заманауи диагностикалық және емдеу технологияларын кәсіби қызметінде енгізу; • зерттеу сұрақтарын тұжырымдау, гипотезалар әзірлеу, деректер жинау және талдау, статистикалық талдау жүргізу және зерттеу нәтижелерінен қорытынды шығару; • зерттеу нәтижелерін жазбаша түрде ұсыну және ғылыми журналдарда мақалалар жариялау; • кәсіби қызмет бойы өз білімі мен дағдыларын жетілдіру және басқаларды оқыта алу.	ОН 3	

2.2 Оқытудың нәтижесі

№	Код	Оқытудың нәтижесі	Тиісті еңбек функциялары
1	ОН 1	Неврологиялық науқастарды курациялау: клиникалық диагнозды тұжырымдай алады, тексеру жоспары мен емдеу жоспарын тағайындай алады және медициналық көмектің барлық деңгейлеріндегі дәлелді тәжірибе негізінде оның тиімділігін бағалай алады	Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын диагностикалау. Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларын барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып емдеу. Ересектер мен балалардағы жүйке жүйесі ауруларында қолданылатын аспаптық (инструментальды) диагностика әдістері.

		«Астана медицина университеті» КеАҚ		ББ-АстМУ-25 10 беттің 9 беті	
		Білім беру бағдарламасы «7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»			
2	ОН 2	Байланыс және ынтымақтастық: науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін пациентпен, оның туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады.		Пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесі ауруларын диагностикасы. Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу Неврологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық сараптамалар жүргізу.	
3	ОН 3	Байланыс және ынтымақтастық: науқас үшін ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін пациентпен, оның туыстарымен, денсаулық сақтау мамандарымен тиімді қарым-қатынас жасай алады.		Пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесі ауруларын диагностикасы. Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу. Халық арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және олардың тиімділігін бақылау. Медициналық құжаттаманы және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу	
4	ОН 4	Өз мамандығы (қоғамдық денсаулық сақтау) бойынша Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесінің құқықтық және ұйымдық шеңберуінде әрекет ете алады, төтенше жағдайлар кезінде негізгі көмек көрсете алады, ұлт денсаулығын жақсарту саясатын іске асыру үшін кәсіби аралық ұжымдар құрамында жұмыс істей алады.		Медициналық құжаттаманы және медициналық-статистикалық ақпаратты басқаруға қатысу. Неврологиялық аурулармен ауыратын науқастарға медициналық сараптамалар жүргізу. Халық арасында неврологиялық аурулар мен олардың асқынуларының алдын алуға бағытталған іс-шараларды ұйымдастыру, өткізу және олардың тиімділігін бақылау.	
5	ОН 5	Зерттеулер: тиісті зерттеу сұрақтарын		Үздіксіз кәсіби даму	

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY		«Астана медицина университеті» КеАҚ		ББ-АстМУ-25 10 беттің 10 беті
		Білім беру бағдарламасы «7R01137 – Неврология (ересектер, балалар)»		
		тұжырымдауға, кәсіби әдебиеттерді сыни тұрғыдан бағалауға, күнделікті қызметінде Халықаралық мәліметтер базасын тиімді пайдалануға, зерттеу тобының жұмысына қатысуға қабілетті.		
6	ОН 6	Оқыту және дамыту: өз бетінше білім алуға және кәсіби команданың басқа мүшелерін оқытуға, пікірталастарға, конференцияларға және үздіксіз кәсіби дамудың басқа түрлеріне белсенді қатысуға қабілетті.	Үздіксіз кәсіби даму	
7	ОН 7	Шұғыл көмек: диагностика, салыстырмалы диагностика, өмірге қауіп төндіретін шұғыл жағдайларда шұғыл көмек көрсету.	Пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесі ауруларын диагностикасы Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу	
8	ОН 8	Дәлелді медицина принциптеріне сәйкес емдеу алгоритмін құру, хирургиялық емдеуге көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді анықтау, нейрореабилитациялық шаралардың алгоритмдерін тағайындау және қолдану.	Пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесі ауруларын диагностикасы Барлық кезеңдерде сабақтастықты сақтай отырып, пациенттердегі (ересектер, балалар) жүйке жүйесінің ауруларын емдеу. Пациенттерде (ересектер, балалар)жүйке жүйесі аурулары бар пциенттерді қалпына келтіру медициналық оңалту.	